

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Бекітемін
ШЖҚ РМК «Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің» ректоры



Т. Балықбаев

« 10 » 2017 ж.

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ТУРАЛЫ

Е Р Е Ж Е

Көшірме	Код	Басылым	Құрастырған	Келісілген	Келісілген
	ҚазҰПУ 04-01	төртінші	Сейсенбаева Ж.А. <i>Сейсенбаева</i>	Ибрайымов М.Б. <i>Ибрайымов</i> Дамитов Б.К. <i>Дамитов</i>	Бектемесов М.А. <i>Бектемесов</i> Қызайбек А.Б. <i>Қызайбек</i>

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Мерзімі: 14.10.2017	Басылым: төртінші
	Ғылыми кеңес туралы ереже	ҚазҰПУ 04-01	стр. 2 из 9

1. Жалпы ережелер

1.1 Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Ғылыми кеңесі қызметінің осы ережесі (бұдан былай - Ереже) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9 тармағына, «Жоғары оқу орны Ғылыми кеңесі қызметінің үлгі ережесі және оны сайлау тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 22 қарашадағы № 574 бұйрығына сәйкес әзірленген.

1.2 Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Ғылыми кеңесі (бұдан былай - университет Ғылыми кеңесі) кеңестік-мәжілістік орган болып табылады.

1.3 Университет Ғылыми кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасын, «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» ШЖҚ РМК Жарғысын (Бұдан былай - Жарғы) және осы Ережені басшылыққа алады.

1.4 Университет Ғылыми кеңесінің қызметі жариялылық пен өз құзырындағы мәселелерді ұжымдық талқылау қағидаларына сүйенеді.

2. Университет Ғылыми кеңесінің құрылымы мен қызметі және оны сайлау тәртібі

2.1 Университет Ғылыми кеңесі университет ректорының бұйрығымен құрылады.

2.2 Университет Ғылыми кеңесінің құрамына ректор, проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері, оқытушы-профессорлар құрамының, университеттің студенттік және қоғамдық ұйымдарының өкілдері кіре алады.

2.3 Ректор университет Ғылыми кеңесінің төрағасы болып табылады. Төраға университет Ғылыми кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, университет Жарғысына және осы Ережеге сәйкес қамтамасыз етеді.

2.4 Төраға орынбасары болып Бірінші проректор тағайындалады. Төраға болмаған жағдайда төраға орынбасары оның міндеттерін атқарады.

2.5 Университет Ғылыми кеңесінің мүшелері университеттің Жалпы жиналысында жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Университеттің жалпы жиналысына кемінде оның тізім құрамындағылардың үштен екісі қатысып отырған кезде солардың 50 (елу) % дауысын жинаған үміткер сайланған болып есептеледі.

Университет ғылыми кеңесінің құрамы және құрамындағы өзгерістер университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

2.6 Университет Ғылыми кеңесінің құрамы 3 жылдық мерзімге сайланады және мүшелердің тақ санынан тұрады. Қажет жағдайда университет Ғылыми кеңесінің шешімімен оның құрамына өзгерістер енгізілуі мүмкін.

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Мерзімі: 14.10.2017	Басылым: төртінші
	Ғылыми кеңес туралы ереже	ҚазҰПУ 04-01	стр. 3 из 9

Төмендегідей жағдайларға байланысты университет Ғылыми Кеңесінің құрамына өзгерістер енгізілуі мүмкін.

-университет Ғылыми кеңесінің құрамынан ректор атына өтініш беру арқылы шығу;

-университет Ғылыми кеңесінің мүшесі мен университеттің арасындағы еңбектік қатынастың тоқтауы;

-университеттен шығу;

-Қазақстан Республикасы заңнамасында көрсетілген басқа да негіздемелер.

2.7 Университет Ғылыми кеңесінің өкілеттілігі аяқталуына бір ай қалғанда ректор университет Ғылыми кеңесінің жаңа құрамын сайлауды өткізу туралы бұйрық шығарады. Қайта сайланған университет Ғылыми кеңесінің жұмысы басталған мезеттен бұрынғы Ғылыми кеңесінің өкілеттілігі тоқтайды.

2.8 Университет Ғылыми кеңесінің жаңа құрамын мерзімінен ерте сайлау оның мүшелерінің кемінде жартысының талабы бойынша жүргізіледі.

2.9 Университет Ғылыми кеңесі төрағасының ұсынысы бойынша бас ғалым хатшы тағайындалады.

2.10 Университеттің бас ғалым хатшысы болмаған жағдайда оның міндеттерін орындау университет ректорының бұйрығымен мерзімін көрсету арқылы университет Ғылыми кеңесі мүшелерінің біріне жүктеледі. Университет ғылыми кеңесінің мәжіліс төрағасы, төрағаның орынбасары мен университеттің бас ғалым хатшысы бір мезгілде қатыспаған жағдайда өткізіле алмайды.

3. Университет Ғылыми кеңесі қызметінің мақсаттары

3.1 Университеттің даму келешегіне ықпал ету.

3.2 Қазіргі заманғы талаптарға сай келетін бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мақсатында университет басшылығының, оның оқытушы-профессорлар құрамының, әкімшілік-басқару қызметкерлерінің, оқу-көмекші қызметкерлері мен қызмет көрсету қызметкерлерінің күш-жігерін біріктіру.

3.3 Кәсіптік білім беру бағдарламалары мен университеттің даму стратегиясын табысты жүзеге асыру мақсатында университеттің білім алушылары мен оқытушы-профессорлар құрамы үшін қажетті жағдай жасау.


3.4 Университеттің қаржылық-шаруашылық және материалдық-техникалық базасын нығайту.

4. Университет Ғылыми кеңесінің құзыреті

4.1 Университет Ғылыми кеңесі университеттің құрылымын бекітеді.

4.2 Университет Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

4.3 Университеттің даму стратегиясы мен тұжырымдамасын белгілейді.

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Мерзімі: 14.10.2017	Басылым: төртінші
	Ғылыми кеңес туралы ереже	ҚазҰПУ 04-01	стр. 4 из 9

4.4 Университеттің құрылымдық бөлімшелерін (зертхана, кафедра, институт және т.б.) құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы ұсыныстар енгізеді.

4.5 Университеттің оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу, халықаралық, қаржы, әкімшілік-шаруашылық қызметтерін ұйымдастырудың барлық негізгі мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

4.6 Университет ректорының, проректорларының, институт директорларының, құрылымдық бөлімшелер жетекшілерінің оқу, ғылыми-зерттеу, тәрбие, халықаралық, ақпараттық, қаржы-шаруашылық пен әкімшілік қызмет формалары мен әдістері туралы жыл сайынғы есептерін тыңдайды.

4.7 Университеттің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды ұйымдастырады.

4.8 Бюджеттен тыс қаржыны қолдану тәртібін, сондай-ақ ақылы білім беру қызметін көрсету мен шығарылатын өнімді сату арқылы алынатын табыстарды қайта инвестициялау бағыттарын анықтайды.

4.9 Жоғары кәсіптік білім берудің көпдеңгейлі жүйесі бойынша мамандар даярлаудың жаңа бағыттарын, оқыту мерзімдері мен формаларын анықтайды.

4.10 Оқытудың барлық сатысы мен формаларының оқу жоспарларын бекітеді.

4.11 Оқулықтар, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік әзірлемелерді шығаруды қарастырады және ұсыныс жасайды.

4.12 Студенттерді ақылы бөлімнен білім беру грантына және экстернат формасында білім алуға ауыстыру туралы шешімдер қабылдайды.

4.13 Студенттерге университет ректорының грантын беру туралы шешім қабылдайды.

4.14 ҚР Президенті бекіткен шәкіртақылар мен атаулы шәкіртақыларды тағайындау туралы шешімдер қабылдайды.

4.15 Қауымдастырылған профессор (доцент) және профессор ғылыми атағын беруге ұсынады.


4.16 Университет қызметкерлері мен шығармашылық ұжымын мемлекеттік, үкіметтік сыйлықтарға және құрметті атақтарға ұсыну туралы мәселелерді қарастырады.

4.17 Алқалық шешімді қажет ететін университет қызметінің басқа да мәселелерін қарастырады.

5. Университет Ғылыми кеңесінің комиссиялары

5.1 Университет Ғылыми кеңесінің мәжілісіне шығарылатын әрбір мәселе бойынша университет Ғылыми кеңесінің төрағасы университет Ғылыми кеңесінің мәжілісінде осы мәселе бойынша жауапты тұлғаны тағайындайды.

Сәйкес жылға жұмыс жоспарын бекіткен соң, университет Ғылыми кеңесінің бас ғалым хатшысы университет Ғылыми кеңесінің барлық мүшелеріне, жауапты тұлғаларға таныстырады. Университет Ғылыми кеңесі сұрақтарды әзірлеу үшін оның

	Абай атындығы КазҰПУ	Мерзімі: 14.10.2017	Басылым: төртінші
	Ғылыми кеңес туралы ереже	КазҰПУ 04-01	стр. 5 из 9

мүшелері қатарынан осы сұрақтар бойынша университет Ғылыми кеңесіне дәйекті ұсыныстарын беретін комиссиялар құрады.

5.2 Өз жұмысында комиссиялар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, университет Жарғысын, университет Ғылыми кеңесі төрағасының өкімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5.3 Комиссия құрамына оқытушы-профессорлар құрамы қатарынан, сондай-ақ университет қызметкерлерінің басқа да санатынан білікті мамандар кіре алады.

6. Университет Ғылыми кеңесінің мәжілісіне сұрақтар дайындау және мәжіліс өткізу тәртібі

6.1 Университет Ғылыми кеңесі өз жұмысын сәйкес оқу жылына бекітілген жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырады.

6.2 Университет Ғылыми кеңесі сайланып, соған сәйкес бұйрық шыққан соң бір айдың ішінде бірінші мәжіліске жиналады.

6.3 Университет Ғылыми кеңесінің мәжілістері ашық, жария негізде өтеді.

6.4 Университет Ғылыми кеңесінің (немесе оның төрағасының) шешімі бойынша университет Ғылыми кеңесінің мәжілісінде қарастырылатын мәселелер бойынша қажетті мәліметтер мен қорытындылар беру үшін мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар, ғылыми мекемелер өкілдері, тәуелсіз сарапшылар, ғалымдар мен басқа да мамандар шақырылуы мүмкін.

6.5 Университет Ғылыми кеңесі мәжілісінің стенографиялық жазбасы, хаттамасы жүргізіледі. Хаттамаға мәжілісте төрағалық етуші және университеттің бас ғалым хатшысы қол қояды.

Мәжілістердің стенограммалары, университет Ғылыми кеңесінің шешімдерін қарастыратын басқа да актілері сақталады.

Университет қызметкерлері мен білім алушылар университет Ғылыми кеңесі мәжілістерінің материалдарымен танысуға және олардың құқығы мен мүдделерін қозғайтын мәселелер бойынша университет Ғылыми кеңесінің шешімдерінен көшірме алу құқығына ие.

6.6 Университет Ғылыми кеңесінің мәжілісі ай сайын өткізіледі, бірақ екі айда бір реттен сирек өткізілмеуі тиіс, әр айдың соңғы сейсенбісінде, мерекелік емес күндері өткізіледі.

6.7 Университет Ғылыми кеңесінің келесі оқу жылына жұмыс жоспары университет Ғылыми кеңесі мүшелерінің ағымдағы оқу жылы аяқталғанға дейінгі 2 айдың ішінде бас ғалым хатшыға беретін ұсыныстар негізінде қалыптасады және оны университет Ғылыми кеңесінің соңғы мәжілісінде бекітеді.

6.8 Университет Ғылыми кеңесінің кезектен тыс мәжілісі университет Ғылыми кеңесі Төрағасының ұсынысы бойынша, сондай-ақ университет Ғылыми кеңесінің тізімдік санының 1/3 мүшелерінің бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін. Әрбір

	Абай атындығы ҚазҰПУ	Мерзімі: 14.10.2017	Басылым: төртінші
	Ғылыми кеңес туралы ереже	ҚазҰПУ 04-01	стр. 6 из 9

жағдайда университеттің бас ғалым хатшысы кезектен тыс мәжілістің күн тәртібі туралы университет Ғылыми кеңесінің мүшелеріне жазбаша ақпарат береді.

Университет Ғылыми кеңесінің жұмыс жоспарына кірмеген сұрақтар университет Ғылыми кеңесі мәжілісінде кемінде 1/3 мүшелерінің ұсынысы бойынша кіргізілуі мүмкін.

6.9 Университет Ғылыми кеңесінің кезектен тыс мәжілісінің күн тәртібінің жобасын бас ғалым хатшы қалыптастырады және университет Ғылыми кеңесінің төрағасы мақұлдайды.

Университеттің Ғылыми кеңес мәжілісінің күн тәртібінің жобасы университет Ғылыми кеңесінің мүшелеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға университеттің Ғылыми кеңес мәжілісі өтетін күннен 1 апта бұрын жеткізіледі.

6.10 Университет Ғылыми кеңесінің мүшелері - баяндамашылар мен университет Ғылыми кеңесі комиссиясының төрағасы (оны құрған жағдайда) күн тәртібіндегі мәселе бойынша университет Ғылыми кеңесі мәжілісіне дейінгі 20 күннен кешіктірмей университеттің бас ғалым хатшысына университет Ғылыми кеңесінің күн тәртібіндегі мәселе бойынша қағаз және электронды тасымалдауыш түрінде баяндама мен шешім жобасын ұсынады. Баяндама мен шешім жобасы едәуір өңдеуді қажет ететіндей ескертулер болған жағдайда, университеттің бас ғалым хатшысы оған ұсынған университет Ғылыми кеңесінің баяндамасы мен шешім жобасын баяндамашыға және комиссия төрағасына қайтаруға және оларды өңдеу үшін уақыт белгілеуге құқығы бар.

Көрсетілген мерзімде материалдарды ұсынбаған жағдайда университет Ғылыми кеңесінің төрағасы аталған сұрақты күн тәртібінен шығару туралы шешім қабылдауға құқылы.

6.11 Университеттің бас ғалым хатшысы университет Ғылыми кеңесінің төрағасына университет Ғылыми кеңесі мәжілісінің күн тәртібі бойынша барлық материалдарды мәжіліске дейін 10 күннен кешіктірмей ұсынады.

Университет Ғылыми кеңесі төрағасының ұсынылған материалдар бойынша едәуір ескертулері болған жағдайда сұрақты қарастырудан шығаруды немесе оны талқылауды университет Ғылыми кеңесінің басқа мәжілісіне ауыстыра алады, университеттің бас ғалым хатшысы бұл жайында комиссия төрағасын тез арада хабардар етеді.

Күн тәртібінің сұрақтары бойынша шешімдер жобалары университет Ғылыми кеңесінің мүшелеріне мәжілістің басталуы алдында келу парағына қол қою кезінде беріледі.

6.12 Университет Ғылыми кеңесінің мәжілісіне ұсынылатын материалдарға: баяндама, қосымша баяндама, университет Ғылыми кеңесі бекіткен құжаттар жобасы(лары), университеттің Ғылыми кеңесі шешімінің жобасы, қажет жағдайда, күн тәртібіндегі сұрақтың мәні бойынша анықтама кіреді.

Ұсынылатын материалдар келесі тәртіпте:

-сұрақты дайындауға жауапты университет Ғылыми кеңесінің мүшесімен;

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Мерзімі: 14.10.2017	Басылым: төртінші
	Ғылыми кеңес туралы ереже	ҚазҰПУ 04-01	стр. 7 из 9

-жетекші проректормен, міндеттерді бөлуге сәйкес басқа да лауазымды тұлғамен келісілген болуы тиіс.

Университеттің бас ғалым хатшысы ұсынылатын материалдардың сәйкес тұлғалармен келісілуін тексереді.

6.13 Университет Ғылыми кеңесінің мәжілісі университет Ғылыми кеңесі мүшелерінің келу парағына тіркелуінен басталады.

6.14 Егер университет Ғылыми кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 мәжіліске қатысса, онда университет Ғылыми кеңесінің мәжілісі заңды болып есептеледі.

6.15 Университет Ғылыми кеңесінің мүшесі университет Ғылыми кеңесінің барлық мәжілістеріне қатысуға және оларға кешікпей келуге міндетті.

Университет Ғылыми кеңесінің мәжілісіне қатысу мүмкіндігі болмаған немесе дәлелді себептермен кешіккен жағдайда университет Ғылыми кеңесінің мүшесі өз уақытында университет Ғылыми кеңесінің төрағасын университеттің бас ғалым хатшысы арқылы хабардар етеді.

Университет Ғылыми кеңесінің мүшесі университет Ғылыми кеңесі мәжілісінің жартысынан басым бөлігіне қатыспаған жағдайда университет Ғылыми кеңесінің төрағасы университет Ғылыми кеңесінің мүшелеріне сол мүшені қайта сайлау туралы ұсыныс жасауға құқығы бар.

6.16 Университет Ғылыми кеңесінің мүшесі университет Ғылыми кеңесінің мәжілістеріне, университет Ғылыми кеңесінің комиссия мәжілістеріне тікелей өзі қатысады.

6.17 Университет Ғылыми кеңесінің мүшесі комиссия мүшелерін сайлауға құқылы және комиссия мен университет Ғылыми кеңесінің басқа да органдарына сайлана алады.

6.18 Университет Ғылыми кеңесінің мүшесі осы Ережеде белгіленген тәртіппен талқылау үшін және университет Ғылыми кеңесінің қабылдауы үшін кез келген ұсыныс пен құжаттардың жобасы мен шешімін енгізу құқығына ие.

6.19 Университет Ғылыми кеңесінің мүшесі мәжілістерде көтерілетін мәселелер бойынша пікірін білдіруге, университет Ғылыми кеңесінің төрағасы мен мүшелеріне, ректорат өкілдеріне және университет әкімшілігіне, университет Ғылыми кеңесінің мәжілісіне қатысушы басқа да тұлғаларға сұрақ қоюға, университет Ғылыми кеңесінің қарауына жататын мәселелерді талқылауда, дауыс беру реті бойынша да өз ұсыныстарын негіздеп сөз сөйлеуге құқылы.

6.20 Университет Ғылыми кеңесінің мәжілістерінде сөз сөйлеудің келесі негізгі түрлері: баяндама, қосымша баяндама, талқыланушы мәселе бойынша қорытынды сөз, талқыланушы мәселенің мазмұны бойынша, талқыланушы кандидатура бойынша жарыссөзге шығу, ұсыныстар енгізу кезінде, дауыс беру мотиві туралы, мәжілісті жүргізу тәртібі бойынша сөз сөйлеу, сондай-ақ анықтамалар, ақпараттар, өтініштер, үндеулер болуы қарастырылады.

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Мерзімі: 14.10.2017	Басылым: төртінші
	Ғылыми кеңес туралы ереже	ҚазҰПУ 04-01	стр. 8 из 9

6.21 Университет Ғылыми кеңесі мүшелерінің мәжілісіне қатысушы басым көпшіліктің келісімімен төрағалық етуші күн тәртібінің сұрағын, талқылаудың жалпы уақытын, сұрақтар мен жауаптарға арналған жалпы уақытты белгілейді, сөз сөйлеу уақытын ұзарта алады.

6.22 Белгіленген уақыт мерзімінің өткені туралы төрағалық етуші сөз сөйлеушіні ескертеді және содан кейін барып оның сөзін үзуге құқығы бар.

6.23 Университет Ғылыми кеңесінің мәжілісінде талқыланушы сұрақтар бойынша жарыссөздің тоқтауына байланысты сөз сөйлей алмаған оның мүшелері өз сөздерінің қол қойылған мәтіндерін университет Ғылыми кеңесі мәжілісінің хаттамасына қосуға құқығы бар.

6.24 Университет Ғылыми кеңесі жекелеген сұрақтарды факультеттердің, университеттің басқа да құрылымдық бөлімшелерінің ғылыми (ғылыми, ғылыми-техникалық) кеңесіне қарауға тапсыруға құқылы.

7. Дауыс беру және шешім қабылдау тәртібі

7.1 Университет Ғылыми кеңесінің шешімдері оның мәжілістерінде ашық және жасырын дауыс берумен қабылданады. Ашық дауыс беруді Ғылыми кеңес мәжілісінде төрағалық етуші жүргізеді. Университет Ғылыми кеңесінің мүшелері дауыс беруге қойылған сұрақ бойынша «иә», «қарсы», «қалыс қалды» сияқты жауаптардың бір нұсқасына қол көтерумен өз пікірлерін білдіреді. Жасырын дауыс беру бюллетеньдер арқылы жүзеге асырылады.

Егер университет Ғылыми кеңесі мүшелерінің мәжілісіне қатысушылардың жартысынан көбі дауыс берсе, онда шешім қабылданған деп есептеледі.

7.2 Жасырын дауыс беруді талап етпейтін барлық шешімдер, сондай-ақ университет Ғылыми кеңесі мәжілісін өткізу мәселелері бойынша шешімдер ашық дауыс берумен қабылданады.


7.3 Ашық дауыс берудің алдында төрағалық етуші дауыс беруге қойылатын ұсыныстардың саны туралы хабарлайды, олардың дауыс беруге қойылатын жүйелілігін және тұжырымын нақтылайды, олардың қандай (Ғылыми кеңес мүшелерінің санының, мәжіліске және дауыс беруге қатысушы университет Ғылыми кеңес мүшелерінің жалпы санының) көпшілік дауыспен қабылдана алатындығын ескертеді.

7.4 Ашық дауыс беру қол көтеру және берілген дауыстарды санау арқылы жүргізіледі. Дауыстарды санауды төраға жүргізеді.

7.5 Жасырын дауыс беру мен оның нәтижелерін анықтау үшін университет Ғылыми кеңесі ашық дауыс беру арқылы университет Ғылыми кеңесі мүшелерінің қатарынан есептеу комиссиясын сайлайды.

Есептеу комиссиясының құрамына төмендегілер кірмейді:

- жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге фамилиялары енгізілген тұлғалар;
- университет Ғылыми кеңесінің төрағасы, төраға орынбасары және университеттің бас ғалым хатшысы;

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Мерзімі: 14.10.2017	Басылым: төртінші
	Ғылыми кеңес туралы ереже	ҚазҰПУ 04-01	стр. 9 из 9

– жасырын дауыс беру үшін кандидатураларын ұсынушы тұлғалар.

7.6 Есептеу комиссиясы өз құрамынан комиссия төрағасын сайлайды.

7.7 Жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдердің қажетті ақпаратты қамтуын есептеу комиссиясы тексереді. Дауыс беру аяқталған соң есептеу комиссиясы барлық бюллетеньдерді бекітеді.

7.8 Әрбір сұрақ бойынша дауыс беру үшін университет Ғылыми кеңесінің әрбір мүшесіне жеке бюллетень беріледі.

7.9 Жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдерді университет Ғылыми кеңесінің мүшелері есептеу комиссиясы бекіткен арнайы жәшікке салады.

7.10 Есептеу комиссиясы жасырын дауыс беру нәтижелері туралы хаттама құрастырады, оған есептеу комиссиясының барлық мүшелері қол қояды және оны университет Ғылыми кеңесінің мәжілісінде есептеу комиссиясының төрағасы оқиды.

Университет Ғылыми кеңесі есептеу комиссиясының хаттамасын ашық дауыспен университет Ғылыми кеңесі мүшелерінің қатысушы санының көпшілік даусымен бекітеді немесе бекітпейді, соның негізінде төрағалық етуші Ғылыми кеңестің қабылдаған шешімін жариялайды.

7.11 Барлық сұрақтар бойынша дауыс беру нәтижелері университет Ғылыми кеңесі мәжілісінің хаттамасына енгізіледі.

7.12 Бір сұрақ бойынша дауыс беруде университет Ғылыми кеңесінің мүшесі бір дауысқа ие әрі ол дауысын шешімді қабылдау үшін немесе оған қарсы болу үшін, әлде шешімді қабылдаудан қалыс қалу үшін береді.

8.13 Университет Ғылыми кеңесінің мүшесі дауыс беру кезінде өз құқығын жүзеге асырады. Дауыс беруде болмаған университет Ғылыми кеңесінің мүшесі дауыс беру аяқталған соң немесе осы сұрақ бойынша дауыс беру үшін университет Ғылыми кеңесінің қабылдаған тәсілінен айырмашылығы бар тәсілмен өз даусын беруге құқығы жоқ.

7.14 Дауыстарды санау аяқталған соң, төрағалық етуші шешімнің қабылданғанын немесе қабылданбағанын (қайтарылғанын) жариялайды.

7.15 Дауыс беру үшін қажетті кворум болмаған жағдайда, төрағалық етуші дауыс беруді университет Ғылыми кеңесінің келесі мәжілісіне ауыстырады.